

«Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және педагогтердің кәсіби мінез-құлқына қойылатын талаптар туралы»

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес балабақша педагогтері арасында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және кәсіби мінез-құлық талаптарын орындау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында педагогтің күнделікті қызметіндегі қарым-қатынас мәдениетіне, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестермен дұрыс байланыс орнатуына назар аударылды. Педагог үшін ең басты талаптардың бірі – балаға құрметпен қарау. Әр тәрбиеленушінің мінезі, қабылдауы, қызығушылығы мен жеке ерекшелігі әртүрлі болғандықтан, педагог баламен жұмыс кезінде сабырлы, байыпты және мейірімді қарым-қатынас жасауы қажет. Баланы көпшілік алдында ұялтуға, кемсітуге, дауыс көтеруге немесе оның жеке басына қатысты орынсыз сөз айтуға жол берілмеуі тиіс. Сонымен қатар ата-аналармен қарым-қатынаста педагогтің әдептілігі мен кәсіби мәдениетінің маңызы атап өтілді. Баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты мәселе туындаған жағдайда ата-анамен ашық сөйлесіп, мәселені өзара түсіністікпен шешу қажет. Ата-ананың пікірін тыңдау, ақпаратты дұрыс жеткізу және баланың мүддесін бірінші орынға қою – педагогтің күнделікті жұмысындағы маңызды талаптардың бірі.

Әріптестер арасындағы қарым-қатынасқа да ерекше көңіл бөлінді. Ұжымда бір-бірін құрметтеу, қажет жағдайда қолдау көрсету, әріптестің пікірін тыңдау және жұмыс барысында туындаған келіспеушіліктерді сабырлы түрде шешу маңызды. Бір қызметкердің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін сөздер мен әрекеттерге, орынсыз сынға және көпшілік алдында кемсітуге жол бермеу қажеттігі түсіндірілді.

Педагог өзінің қызметтік міндеттерін уақытылы және сапалы орындауға, еңбек тәртібін сақтауға, құжаттарды талапқа сай жүргізуге және тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тиіс. Өз міндетіне немқұрайлы қарау немесе жұмысты басқа қызметкерге негізсіз жүктеу ұжымдағы жұмыс тәртібіне кері әсер ететіндігі айтылды. Кеңес барысында педагогтің сыртқы мәдениеті мен сөйлеу мәнеріне де назар аударылды. Балаларға, ата-аналарға және әріптестерге сөйлеген кезде дауыс ырғағын сақтау, дөрекі сөздер қолданбау, жеке мәселелерді қызметтік қарым-қатынасқа араластырмау қажеттігі ескертілді.

Педагогикалық әдеп тек жұмыс уақытында ғана емес, педагогтің кәсіби беделіне әсер ететін жағдайларда да сақталуы қажет. Өлеуметтік желілерде жарияланатын ақпаратқа жауапкершілікпен қарау, балабақшаға, тәрбиеленушілерге, ата-аналарға және әріптестерге қатысты жеке сипаттағы мәліметтерді жарияламау жөнінде де түсіндірме берілді. Педагогикалық әдептің негізінде құрмет, жауапкершілік, адалдық және адамға деген ізгі қарым-қатынас жатыр. Осы талаптарды күнделікті жұмыста сақтау ұжымдағы жағымды ахуалды қалыптастырып қана қоймай, педагог

пен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді.

Түсіндіру жұмыстарының қорытындысы бойынша педагогтерге кәсіби әдеп талаптарын күнделікті қызметте басшылыққа алу, тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынаста ұстамдылық пен әдептілікті сақтау, әріптестермен өзара сыйластықта жұмыс істеу ұсынылды.

Қорытынды

Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау – әр педагогтің кәсіби міндеті.

Балабақша ұжымындағы өзара құрмет пен түсіністік, балаға деген мейірімді қарым-қатынас және ата-анамен дұрыс байланыс орнату – сапалы педагогикалық жұмыстың маңызды бөлігі.

Педагогтерге педагогикалық әдеп қағидаларын күнделікті қызметінде сақтау және кәсіби мінез-құлық талаптарын орындау жөнінде тиісті түсіндірмелер берілді.

Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасы

**Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және
педагогтердің кәсіби мінез-құлқына қойылатын
талаптар туралы.**

(педагогикалық әдеп кеңесі)

Кеңес төрағасы: Курманова Л.Б.

2026 жыл, қыркүйек.